

**Сүйінші! Сүйінші!// К.Бөкетов// Қарағанды университеті.-  
1995.- 20 наурыз.**

*Евней Бөкетовтың жазушы, аудармашы екенін білеміз. Ал ақындығына дәлеліміз жоқ еді. Таяуда Қамзекең ағасының архивін реттеп отырып, олжалы болды. Мына төмендегі өлеңнің қолмен жазылған, түзетілген нұсқасымен бірге машинкаға басылған үш парақ қағаз табылды. Оқып көріңіздерші. Ғұлама М. В. Ломоносовтың "Шынының пайдасы" деген өлеңі сияқты химия кереметін өлең жолдарымен жеткізген Евекеңнің талантына қайран қаласыз.*

Әр іс өзі бір жүйе,  
Қызық екен дүние...  
Сол қызықтың біріне  
Көз салып, сірә, қараңыз:  
Әрбіріміз дарамыз,  
Сонда да, бірақ, ұқсасып,  
Ұқсастықпен топтасып,  
Топтасып қол ұстасып,  
Өмірде жылжып барамыз.  
Ізденсе бұған хал-хадар  
Толып жатыр мысалдар.  
Атос, Портос, Арамис –  
Осы үш батыр, үш кекті ер,  
Үшеуі де мушкетер.  
Сол сияқты дуниден  
Дараланып шықса да,  
Күкірт, теллур әм селен  
Үшеуі де - халькоген!  
Бұл үшеуі, жобасы,  
Нәзік жыныс болғасын  
Жүрмесе тек біреумен  
Құшақтасып қолдасып,  
Сезеді ешбір оңбасын.  
Темір, мырыш, қорғасын,  
Қалайы, мыс, никельдей  
Мықтылармен табысып,  
Жанын алып, жабысып  
Әл-перідей арбасар.  
Құдайым өзі иді деп,  
Қолға бұлар тиді деп,  
Арбасар да металмен  
Айырылмастан тұтасар.  
Химияда осындай

Қосылыстар металдың  
Халькогениді деп  
Ғылыми атпен аталды.  
Күндердің күндер күнінде,  
Күн болмаса түнінде  
Осы үш ару, үш сұлу,  
Батырларын шұбыртып,  
Іздегені болып су,  
Айдынына күмп еткен,  
Күмп еткенде оттегі  
Жолыға қап кенеттен,  
Әрбіреуін айналар,  
Айналар да аймалар,  
Қолданып талай айдалар,  
Тотықтырып жіберер.  
Оттегі, сірә, бұл жерде  
Д.Артаньян сияқты  
Мушкетерге дәнекер  
Болғандықтай епті ер.  
Халькогенді құбылтып,  
Талай заттар құрауға,  
Дамылдатпай қинап тұр.  
Әр нәрсенің заты бар,  
Әр заттың түрлі аты бар,  
Мысалға алсаң ғылымда  
Күндегі жолдас осы су  
"Гидро" деп аталар.  
Сондықтан да, мысалы,  
Халькогенид, халькоген  
Деп аталған заттардың  
Тотығуын зерттеген  
Ғылыми ер-батырлар  
Ұсынған сізге кітабын

"Гидрохимия жолымен  
Тотықтыру" - деп атап  
Ылайықтап ептеген,  
Ендігі сөздің қысқасы,  
Айтушы ердің ұстасы,  
Халькогенид, халькоген  
Сыяқты заттар тотықса,  
Химиялық әрекет,  
Байланысқа тым құмар,  
Бірде суық, бірде бу,  
Бірде қатқыл, бірде у,  
Қасиеттері пара-пар  
Алуан заттар көп туар!  
Бұларды біздің адамзат  
Өздігіне қаратар,  
пайдалы іске жаратар...  
Ешбір ой жоқ мақтанар,  
Бірақта бойын қара нар  
Жасырып қайда тығылар,  
Біздің де осы бағытта  
Аз да болса үлес бар.

ЕВНЕЙ.